

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 2 шілде 1992 ж. N 565 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 1406 Қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңын орындау мақсатымен республиканың ұдайы дамып отырған сыртқы байланыстарын ескере келіп Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің орталық аппараты қызметкерлерінің саны 476 адам (шет елдердегі мекемелердің аппараты мен қызмет көрсетуші адамдарды қоспағанда) болып белгіленсін. Сонымен бірге аппаратты 1992 жылы 190 адамға, 1993 жылы - 197 адамға кезең-кезеңмен көбейту негізге алынсын.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінде министрдің 5 орынбасары, оның ішінде бір бірінші және құрамында 17 адамнан тұратын коллегия болуына рұқсат етілсін.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі қызметкерлерінің "Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында жалақыны арттыру және бағаны реттеу туралы" 1992 жылғы 25 сәуірдегі N 730 Жарлығын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 20 мамырдағы N 448 қаулысында көзделмеген жалақы мөлшері N 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі қызметкерлеріне дипломатиялық дәрежесі үшін N 2 қосымшаға сәйкес үстеме белгіленсін.

5. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің қызметкерлеріне шетел тілдерін білгені үшін лауазымдық жалақысына 30 процентке дейін төлем жасалсын.

6. Қызмет көрсетуден түскен өз (бюджеттен тыс) қаржысын соммен де, валютамен де, толығымен Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің материалдық-техникалық базасын дамытуды қаржыландыру үшін, сондай-ақ оның арнаулы және басқа мақсаттарына жұмсауға рұқсат етілсін.<*>

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп арнайы қаржы бойынша және ағымдағы

валюталық есептер ашуды қарастырып, көрсетілген қаржыны пайдаланудың жалпы тәртібін анықтасын.

ЕСКЕРТУ. 6-тармақтың 1-абзацынан сөздер алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1997.04.02. N 465 қаулысымен . P970465_

7. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жылжымалы құрамымен 40 автомобилі бар автокөлік гаражына рұқсат берілсін.

Алматы қаласының әкімі Қазақстан Республикасы Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының Іс басқармасымен бірлесіп Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігін гаражбен қамтамасыз ететін болсын.

8. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің орталық аппараты үшін қызмет бабындағы 6 жеңіл автомашина лимиті белгіленсін.

9. Қазақстан Республикасы Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының Іс басқармасы өз балансынан 2 "Чайка" автомашинасын шетелдік делегацияларға қызмет көрсету үшін Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің балансына беретін болсын.

10. Қазақстан Республикасының Материалдық ресурстар министрлігі шетелдік делегацияларға қызмет көрсету дипломатиялық почтаны тасу және басқа да қажеттер үшін Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің өтінімі бойынша мынадай автомашиналар бөлетін болсын :

ГАЗ-2410 "Волга"	- 32
ГАЗ-2412	- 2
РАФ-22035-01 "Латвия"	- 2
ГАЗ-53 жүк машинасы	- 1
ЛАЗ-2141 автобусы	- 1

11. Қазақстан Республикасының Материалдық ресурстар министрлігі, Экономика жөніндегі мемлекеттік комитеті, Сауда министрлігі, "Қазмұнайөнім" және "Қазжеңілөнеркәсіп" концерндері тиісінше материалдық-техникалық ресурстар, жанар-жағар материалдар, ұйымдастыру ісінің техникасын, кеңсе бұйымдарын, өкілдік мақсаттар үшін кәдесыйлар бөлуді қарастырсын.

12. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің дипломатиялық дәрежесі бар қызметкерлері өкілдік киімдерімен қамтамасыз етіледі деп белгіленсін.

13. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының қаржы министрлігімен бірлесіп өкілдік киім-кешек мөлшерін белгілеп, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің бекітуіне ұсынатын болсын.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі аталған мақсаттарға

республикалық бюджеттен қажетті қаржыны бөлетін болсын.

14. Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі 1992 жылы Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігін шет елдерде және ТМД-ға қатысушы мемлекеттерде керек болатын пункттерімен бірге қажетті телефон, телекс және басқа да байланыс құралдарымен қамтамасыз етсін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің өтінімі бойынша Министрліктің ғимаратына параболикалық телевизиялық антенна орнататын б о л с ы н .

Осы мақсат үшін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі тиісті қ а р ж ы б ө л у д і к ө з д е с і н .

15. Қазақстан Республикасының Мемлекет хауіпсіздігі комитеті Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінде шифрлық қызмет жүйесін ұ й ы м д а с т ы р с ы н .

16. Қазақстан Республикасының Шетел инвестициялары жөніндегі Ұлттық агенттігі Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің әкімшілік үйін салуға шетел инвестицияларын тарту туралы ұсыныс әзірлеп, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне енгізсін.

17. Алматы қаласының әкімі Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің үйінде асхана буфеттер ашсын.

18. Алматы қаласының әкімі 1993 жыл ішінде Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігін 35-40 пәтермен қамтамасыз етсін. Мемэкономком аталған тұрғын үйлерді салуға инвестициялық қордан қаржы бөлуді көздейтін б о л с ы н .

19. Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің материалдарын басып шығару жөніндегі тапсырыстарын орындайтын болсын.

20. Қазақстан Республикасының Білім беру министрлігі мен Сыртқы істер министрлігі дипломат кадрлар даярлау мақсатында Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде халықаралық қатынастар факультетін ашсын.

21. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне өз қызметкерлерін ТМД-ға қатысушы мемлекеттер мен шет елдерге оқуға және білімін көтеруге жіберу хұқы берілсін.

22. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі қызметкерлерінің қызмет бабында шет елдерге баратын іссапарына жыл сайын Республикалық валюта қорынан валюта қаржысының лимиті бөлініп отырсын.

23. Алматы облысының әкімі Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің қызметкерлеріне бау-бақшаға жер бөліп берсін.

24. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі мен Әділет

министрлігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын қабылдаған шешімдерін осы қаулыға сәйкестендіру туралы Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне ұсыныс енгізсін.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі*

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1992 жылғы 2 шілдедегі
N 565 қаулысына

N 1 қосымша

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің
1992 жылғы 20 мамырдағы N 448 қаулысында көзделмеген
Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі
қызметкерлерінің лауазымдық жалақысының мөлшері
(Кесте)

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1992 жылғы 2 шілдедегі
N 565 қаулысына

N 2 қосымша

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі
қызметкерлерінің дипломатиялық дәрежесіне үстеме мөлшері
(Кесте)